**"Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өндіріс пен тұтыну қалдықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 10 ақпандағы N 20-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өндіріс пен тұтыну қалдықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар мен өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) белгіленген тәртіппен тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу және бекіту жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 10 ақпандағы
N 20-ө өкімімен
бекітілген

**"Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өндіріс пен тұтыну қалдықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

| Р/с N | Нормативтік құқықтық кесімнің атауы | Кесімнің нысаны | Жауапты орындау-шылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Қалдықтарды халықаралық тасымалдауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республи-касы Үкіметінің қаулысы | ККМ, Қор-шағанор-тамині, ДСМ, ТЖМ | 2005 жылғы наурыз |
| 2 | Қалдықтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республи-касы Үкіметінің қаулысы | Қоршаған-ортамині, ДСМ, ЭМРМ, ИСМ | 2005 жылғы наурыз |
| 3 | Табиғат пайдалануға рұқсат беру, рұқсат беруден бас тарту, оның қолданылуын тоқтата тұру және жою ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республи-касы Үкіметінің қаулысы | Қоршаға-нортамині | 2005 жылғы сәуір |
| 4 | "Лицензиялау туралы" Қа-зақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына өзгерістер енгізу туралы | Қазақстан Республи-касы Үкіметінің қаулысы | Қоршаға-нортамині | 2005 жылғы наурыз |
| 5 | Кейбір нормативтік құқық-тық кесімдерге облыстар-дың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы ор-гандары кәсіпорындардың табиғат пайдалануын бас-қаруды жүзеге асыру мәсе-лелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Норма-тивтік құқықтық кесімдер | Қоршаған-ортамині, АШМ, облыс-тардың, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері | 2005 жылғы сәуір |
| 6 | Жеке және заңды тұлғалар қызметінің процесінде пайда болатын қауіпті қалдықтарды қауіптілікті нақты сыныбына жатқызу туралы ережені бекіту туралы | Уәкілетті органның бұйрығы | Қоршаға-нортамині | 2005 жылғы наурыз |
| 7 | Қалдықтар паспортының үлгі нысанын бекіту туралы | Уәкілетті органның бұйрығы | Қоршаға-нортамині | 2005 жылғы наурыз |
| | Жеке және заңды тұлға-лардың қалдықтармен жұмыс | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | істеу нормативтерінің жобаларын әзірлеу және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға бекітуге ұсыну ережесін бекіту туралы | Уәкілетті органның бұйрығы | Қоршаға-нортамині | 2005 жылғы наурыз |
| 9 | Қауіпті қалдықтарды тасымалдау, оның ішінде тиеу-түсіру жұмыстарын орындау ережесін бекіту туралы | Уәкілетті органның бұйрығы | ККМ, Қоршаған-ортамині, ДСМ | 2005 жылғы наурыз |
| 10 | Қалдықтармен жұмыс істеу саласында есеп жүргізу және есеп беру ережесін бекіту туралы | Уәкілетті органның бұйрығы | Қоршаған-ортамині, ДСМ, СА | 2005 жылғы наурыз |
| 11 | Өндірістік мониторинг жүргізудің үлгі тәртібін бекіту туралы | Уәкілетті органның бұйрығы | Қоршаған-ортамині, ДСМ | 2005 жылғы сәуір |

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі;
Қоршағанортамині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі;
ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;
ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі;
ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі;
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі;
АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;
СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК